

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Ғабитов Т., Сулейменов П. Болмыс стратегиялары. – Алматы:Қазақ университеті, 2025.–268 б.
- 2 Ержанов Е.Д., Ғабитов Т.Х. Постантропоцентризм және цифрлық онтология. – Алматы: Дарын, 2025. – 445 б.
- 3 Latour, B. (2005). Reassembling the Social: An Introduction to Actor-Network-Theory. Oxford: Oxford University Press. – 1-10 p.
- 4 Kant, I. (1781). Critique of Pure Reason (Kritik der reinen Vernunft). Riga: Johann Friedrich Hartknoch. – 324 p.
- 5 Foucault, M. (1988). Technologies of the Self: A Seminar with Michel Foucault (L. H. Martin, H. Gutman, & P. H. Hutton, Eds.). University of Massachusetts Press. – 1-10 p.
- 6 Deleuze, G., & Guattari, F. (1980). Mille Plateaux. Paris: Les Éditions de Minuit. – 39 p.
- 7 Gunkel, D. J. (2012). The Machine Question: Critical Perspectives on AI, Robots, and Ethics. Cambridge: MIT Press. – 1-10 p.
- 8 Сабитов З. (2012). Қазақтың мәдени коды. - Алматы: ҚазҰУ. – 265 б.;
- 9 Сабитов З. (2023). Цифрлық мифология және ұжымдық бейсана: Қазақ мәдениетінің цифрлық архетиптері. - Алматы: ҚазҰУ баспасы. - 329 б.
- 10 Manovich, L. (2013). Software Takes Command. -Bloomsbury. – 111-119 p.
- 11 Zharmukhamedov, A. (2019). The Sacred Landscape in Kazakh Traditional Culture. Astana: Gumilyov Eurasian National University Press. - 272 p.; Касымбекова, Р. (2014). Сакральное и социальное в памятниках Центральной Азии. – Астана, Central Asian Survey, 33(4), 445–459 с.; Халидова, Д. (2018). Көшпелі ритуалдардың мәдени-онтологиялық мәні. - Алматы: Ұлттық мұралар орталығы. – 297 б.
- 12 Eliade, M. (1964). Shamanism: Archaic Techniques of Ecstasy (W. R. Trask, Trans.). Princeton: Princeton University Press. – 1-10 p.

ӘОЖ: 123.1

## ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНДАҒЫ РУХАНИ БАҒЫТСЫЗДЫҚ: ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕГІ АДАМ ТАҒДЫРЫНЫҢ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ

Дағарова Ж.Ө.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, философия және мәдениет теориясы кафедрасының аға оқытушысы, Қарағанды, Қазақстан.

*e-mail: janka\_04@mail.ru*

Цифрландыру үдерісі Қазақстан қоғамының әлеуметтік-мәдени құрылымына терең ықпалын тигізуде. Ақпараттық технологиялар, әлеуметтік желілер, алгоритмдік басқару жүйелері адамның өзіндік санасына, құндылықтық бағдарларына және тағдыр туралы түсінігіне де әсерін тигізіп жатыр. Рухани бағытсыздық құбылысы – өмірлік мағынаның көмескіленуі, мәдени тамырлардан алыстау, тұлғалық жауапкершіліктің әлсіреуі қазіргі цифрлық әлемде айқын байқалуда. Осы тұрғыдан адам тағдыры мәселесі жаңа философиялық талдауды талап етіп отыр.

Зерттеудің мақсаты – цифрлық дәуір жағдайында Қазақстан қоғамындағы рухани бағытсыздықтың адам тағдыры түсінігінің трансформациясына әсерін философиялық тұрғыдан талдау.

Зерттеудің міндеттері – рухани бағытсыздық ұғымын философиялық тұрғыдан анықтау; дәстүрлі қазақ дүниетанымындағы тағдыр түсінігін сипаттау; цифрландырудың тұлғаның бірегейлігіне ықпалын талдау.

Зерттеудің объектісі – Қазақстан қоғамындағы рухани және мәдени өзгерістер.

Зерттеудің пәні – цифрлық қоғам жағдайындағы адам тағдырының философиялық интерпретациясы.

Зерттеудегі негізгі идея – цифрлық дәуірде адам тағдыры дәстүрлі метафизикалық түсініктен алгоритмдік және әлеуметтік-конструктілік модельге ауысуда. Бұл үрдіс болса Қазақстан қоғамында рухани бағытсыздықтың терендеуіне әкелетінін көрсету.

**Рухани бағытсыздық** — бұл адамның ішкі құндылықтар жүйесінің бұзылуы, өмірлік мақсаттары мен имандылық ұстанымдарынан айырылуы, яғни бұл ұғымның сипатына құндылықтар дағдарысын, мақсатсыздықты, тұлғалық құлдырау, жат ағымның ықпалын еріп кетушілік жатады. Рухани бағытсыздық көбінесе ұлттық тәрбиеден, салт дәстүр мен рухани білімнен қол үзгенде пайда

болады. Қазіргі Қазақстандағы рухани бағытсыздық-бұл цифрлық дәуірдің серпінді сын-қатерлерімен (қонақжайлылық, бірлікке адалдық, жомарттық сияқты) терең дәстүрлі қабаттардың соқтығысуының нәтижесі. Қазақстан үшін цифрлық дәуір-бұл дәстүрлерге қауіп төндіріп қана қоймай, жасанды интеллект пен жаһандық коммуникациялар арқылы ұлттық құндылықтарды тарату мүмкіндігі. Адамдар болашақ үшін жеке жауапкершілікті өз мойнына алудан гөрі, біреуге арқа сүйеуге (дайынға үйренуге) бейімделіп, қоғамдық бастамаларға, ортақ істерге сенімсіздікпен, күмәнмен қарайды. Цифрлық ортада (интернет, әлеуметтік желілер әсерінен) қазақстандықтардың ойлау жүйесі мен мінез-құлқы әртүрлі, кейде бір-біріне қарама-қайшы өмір сүру тәсілдерінің «қоспасына» айналып бара жатыр. Яғни бір жағынан белсенділік бар, екінші жағынан бейтараптық немесе тәуелділік те байқалады. Қазіргі цифрлық заманда адамдардың мінезі мен көзқарасы әртүрлі бағыттағы әсерлерден қалыптасып, біркелкі емес сипатқа ие болып отыр. Қазіргі заманғы цифрлық технологиялар адамды әр қадамын бақылауға мүмкіндік берді, сондай-ақ оларды қоғамдық сананы манипуляциялау үшін пайдалануға болады. Сонымен қатар, бұл технологиялар тәуелділік туғызады, мазасыздық (алаңдаушылық) бұзылыстарының пайда болу ықтималдығын арттырады, жалғыздық сезімін күшейтеді.

Қазіргі әлемде еркіндік қауіпсіздікпен қайшылықта тұр. Әлемде болып жатқан оқиғалар сондай жылдамдықпен алма-кезек келіп отырады, біз өзімізге тірек болатын ештеңені таба алмай қаламыз. Тұрақты, алдын-ала болжанатын нәрсе жоқ, бір бағыт та жоқ. Сіз оқып жатқан мамандық тез ескіріп қалуы мүмкін; банктегі ақша қателіктен, құлдырау немесе қарапайым ұрлық нәтижесінде жоғалып кетуі мүмкін; барлық жеке деректер алаяқтардың қолына түсуі ықтимал – бұл сандық әлемдегі қауіптердің кішкене ғана тізімі.

«Цифрлық қоғамда ұлттық бірегейлігімізді сақтап қалу өте маңызды, өйткені ғалымдардың пікірінше жаһандану процесі бірегейліктің дағдарысын одан сайын өршіте түседі дейді. Қазіргі әлемде ғаламдық жатсыну феномені байқалады, осыдан парадоксалды жағдай туындайды – адамның өз күші оған жат, бөгде күш сияқты қарсы тұрады» [1, 1166]. «Оны адамның ішкі жай-күйін сипаттайтын факторлар арқылы көрсеткісі келген ойшылдардың философиялық идеялардан байқаймыз, мысалы:

- Адамның жалғыздығы, іштей бағытсыздығы (Х. Ортега-и-Гассет);
- Индивидуалды ойлау көмескі болғанда тұлғалық жауапкершілік жоғала бастайды (К. Ясперс);
- Адамның түкке тұрғысыздығына айналған өзіндік сана трагедиясы (Ф. Кафка);
- Рух, мәдениет, болмыс және сананың дағдарысы (Экзистенциализм);
- Қазіргі заманғы адамның рухани тұлғасыздығы мен іштей азғындалуын көркем

шығармашылық арқылы көрсету эстетикасы (П. Пикассо);

- Адамның даму бағытын анықтаудағы әлсіздігі (Э. Кассирер);
- Трагедиялық тұрғыдан сананың дағдарысы (Т. Манн);
- Бірөлшемді адамның конформистік санасы (Г. Маркузе);
- Анти практика - антимаксат + жатсыну (Ж.-П. Сартр);
- Құралдардың мақсатқа айналуы (Э. Фромм);
- Үмітсіздік (Бекет);
- Бүлікшіл адамның сизифтегі еңбегі (А. Камю)» [1, 1166].

Жалғыздық, қорқыныш, сағыныш, тағдырға берілгендік, үмітсіздік сезімдері белгісіздік жағдайын туғызады. Х. Ортега-и-Гассет сөзінше: «Кеше біздің өмірлік кеңістігімізге айқын құрылым беріп тұрған ұлы мақсаттар өз айқындығын, тартымдылығын, күшін және бізге ықпалын жоғалтты, ал оларды алмастыруға тиіс нәрсе әлі анық көрінбейді және қажетті сенімділікке ие емес» [2]. Қарапайым тілмен айтқанда: бұрын өмірімізге мән мен тәртіп беретін маңызды мақсаттар енді өз күшін жоғалтты, ал олардың орнына келетін жаңа мақсаттар әлі толық анық емес және сенімді емес. Жатсыну болмыстың әлеуметтік сипаттамасы ретінде эстетикалық жатсыну құбылысының қалыптасуына да түрткі болады: абсурд театры, абсурд әдебиеті, абстрактілі бейнелеу өнері соның көрінісі.

Мәдениет күнделікті түсінікте өзін-өзі білдіру тәсілінен біртіндеп өзін-өзі жүзеге асырудың механизміне айналып, ойлау стереотиптерін қалыптастырады.

Сонымен қатар, табиғи логикаға сай, «әсерлердің үздіксіз алмасуынан, тағдырдың құбылмалылығынан және сыртқы әлемнің күшінен жаншылған жан оларға қарсы тұра алу үшін ішкі тұрақтылыққа ұмтылуы тиіс...» [3].

Цифрлық революцияның басталғанын, оның адам өмірінің барлық саласын, әсіресе күнделікті өмірді цифрландыруға алып келгенін сенімді түрде айтуға болады. Нәтижесінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың осындай қарқынды өзгеруі адам әрекетінің барлық саласында трансформацияны міндетті түрде туғызды. Мұндай жағдайда еркіндік, яғни адамның өмір сүретін

негізгі сипаттамасы, жаңа жағдайларда да өз орнын іздеуге мәжбүр. Бүгінгі әлем адамның мүддесіне бағытталмайды. Көптеген шешімдерді ақпараттық жүйелер қабылдайды. Олар килобайттармен есептелетін ақпаратты өңдеп, біздің орнына таңдау жасай алады. Сол себепті өз шешіміміз қайсысы, ал сырттан (қолдан жасалған) шешім қайсысы екенін ажырату өте қиын. Виртуалды әлемдегі еркіндік иллюзиялық сипатқа ие болып, адамзатқа, ең болмағанда адамдар әдеттегідей өмір сүріп келген әлемге, үлкен қауіп төндіреді. Осы жерде сұрақ туындайды: адам өзінің тағдырын өзі басқара ма, әлде оны шебер манипуляциялай ма?

Сондықтан, адамның еркіндігі цифрлық әлемде салыстырмалы ұғымға айналады. Адам мұндай ортада өзін еркін сезінеді, өмірінде көзге көрінерліктей шектеулер жоқ деп ойлайды. Бірақ ол жаңа шындықты толық түсіне алмай, оған бейімделуге үлгермейді. Жеке өз бақылауында болатын нәрселер мен цифрлық орта арқылы келген (қолдан жасалған) шектеулерді ажырату мүмкін емес. Жаңа виртуалды әлем адамнан тек еркіндікті ғана емес, ол оның ақылын, даралығын, жеке тұлға ретінде өзін өзі тануын да тартып алды. Философтар цифрлық құлдық дәуірінің келетінін болжайды, ол адамның жеке және дара ерекшеліктерін жоғалтуына әкелуі мүмкін деп болжайды.

Осы тұрғыда философияға жүгінетін болсақ, адамға құндылықтық және этикалық өлшемді енгізу қажет. Адамның биологиялық табиғаты туралы ғана ойлау жеткіліксіз; оның шынайы метафизикалық мәнін, өзінің дара тұлғалық сәйкестілігін, бірегейлігін, әлемдегі өмірінің мағынасын қайта-қайта назарға алу қажет. Бұл оның ақыл-парасатымен, руханилығымен, адамгершілігімен және дара болмысымен тығыз байланысты.

Қоғам трансформациясы үдерісінде жастар ерекше рөл атқарады: дәстүрлі және заманауи құндылықтар жүйесінің тоғысында қалыптасқан, бұқаралық ақпарат құралдары, интернет пен әлеуметтік желілер ықпалымен, сондай-ақ шетелдік білім беру мекемелерінде білім алып, халықаралық ғылыми жобаларға, өнер және кино саласындағы байқауларға қатысу арқылы олардың құндылықтық кеңістігі кеңейеді. Осы жағдайда жастар өзін, өз қызығушылықтарын, өмірлік ұстанымдары мен құндылықтарын таңдайды. «Көп жағдайда олар дәстүрлі құндылықтардан бас тартпайды, керісінше, олардың негізінде қалыптасқан бірегейлігін сақтай отырып, жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайларға сәйкес келетін мазмұнмен толықтырады. Бұл мазмұн олардың жаңа мақсаттарына қайшы келмей, керісінше, оларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді» [4].

Қазақ халқының мәдени бірегейлігін сақтау Қазақстанның басқа мемлекеттермен қарым-қатынасында және ынтымақтастығында өзін егемен, бірлігі бекем мемлекет ретінде танытуында маңызды рөл атқарады. Бұл – өз даму стратегиясын, мақсаттарын және бірегей даму жолын дербес айқындайтын, тарихи қалыптасқан құндылықтарға негізделген мемлекет ретіндегі ұстаным. Өйткені құндылықтар – халықтың ішкі мәні, дүниетанымы мен әлемді түсінуінің негізі болып табылады. Олар халықтың болмысын, ойлау тәсілін айқындап, мәдени кодты қалыптастырады. Құндылықтар белгілі бір мәдениет пен өркениет өкілдерінің мақсаттары мен уәждерінен көрініс табады және, түптеп келгенде, жеке тұлғалардың мінез-құлық алгоритмдерінде, іс-әрекеттері мен шығармашылық қызметінде байқалып, мәдениеттің қайталанбас болмыс формаларын қалыптастырады.

«Мысалы, осы мәселеге қатысты Абайдың «Толық адам» тұжырымы қазіргі кезеңдегі жаһандану, ұлттың өзін өзі тануы, адамгершілік мәселелері тұрғысынан өзекті. Халықтың дамуын, руханилығы мен адамгершілік қасиеттерін барлық құндылықтардан жоғары қойған ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлы болатын. Ол бұл қасиеттерді әрбір жеке адамның бойындағы асыл сипаттар әрі халықты биіктететін, оны өзге жоғары мәдениеттер мен өркениеттермен тең дәрежеге көтеретін құндылықтар деп санады. Сонымен қатар, оларды ұлт пен оның мәдениетінің бірлігін нығайтатын рухани күш ретінде қарастырды» [5].

Ұлы ойшыл Абай Құнанбайұлы адамзатты рухани кемелденуге, адамгершілік пен ізгілік жолына үндеген шығармаларының бірі – «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі. Бұл туындының мазмұны терең әрі бағдарламалық сипатқа ие. Ақынның «адам болам десеніз» деген ой өзегінде оның «толық адам» концепциясына қатысты философиялық пайымдаулары айқын көрініс табады.

«Өлеңде адам баласын саналы түрде өмір жолын таңдауға, жақсы қасиеттерді меңгеріп, жаман мінез-құлықтан бойын аулақ ұстауға шақыру идеясы басым. Абайдың «бес асыл іс» туралы ілімі – жастарға бағытталған этикалық-адамгершілік бағдар. Ол жас ұрпақты талап, еңбек, терең ой, қанағат және рақым сияқты асыл қасиеттерді бойына сіңіруге үндейді» [6, 686].

Ақын ұсынған бұл құндылықтар – жеке тұлғаның ғана емес, тұтас қоғамның рухани дамуының негізі. Шын мәнінде, нағыз адам болу үшін адам бойында адамгершілік, әділдік, достық, махаббат, намыс, сабырлық, батырлық секілді ізгі қасиеттер қалыптасуы тиіс. Абай осы қасиеттердің ішінен «бес асыл істі» адамгершіліктің өзегі ретінде айқындап, оны халыққа рухани бағдар ретінде ұсынады.

«Мысалы түркі ойшылы, философ Әбу Насыр әл-Фараби қоғамда бақыт пен игілікке жетудің негізі – адамның рухани кемелденуі, оның ақыл-ойы мен қиял қабілетін жетілдіру арқылы ізгілік қасиеттерін дамыту деп есептеді» [7]. Бүгінгі күні бұл идея әсіресе цифрлық дәуірде өзекті, себебі жастар интернет, әлеуметтік желілер мен цифрлық технологиялар ықпалында өсе отырып, рухани кемелденуді басты бағдар ретінде сақтауы тиіс. Әл-Фараби ілімі руханият пен адамгершілікті дамыту арқылы жастардың мәдени бірегейлігін және ұлттық құндылықтарын нығайтуға бағыт береді.

«Өткен шақ пен осы шақ — ажырамас бір бүтін дүние. Өткенсіз осы шақ, ал осы шақсыз өткен шақ болмайды. Өткенді еске алу халықтарға өз салт-дәстүрін, мәдениетін, ұлттық құндылықтарын тереңірек тануға көмектеседі және соларға сүйене отырып, әлеуметтік прогресс жолында алға басуға мүмкіндік береді. Өткенге деген құрмет ұлттық бірегейлікті сақтауға септігін тигізеді». Ал, тарихи жадымен патриотизм тығыз байланысты. Патриотизм ұлттық бірегейліксіз мүмкін болмайды. Қазақ мәдениеті батыстық мәдениеттен айтарлықтай ерекшеленеді. Батыстық мәдениетке, күш-қуат культі, жеке жетістікке ұмтылу және дбәсекелестік тән.

Қазақ мәдениетінде рухани бірлік пен ұжымшылдық басым, адамдар әрқашан бір-біріне жанашырлық танытып, өзара өтеусіз көмек көрсеткен және пайда табу, байлық, дүниеқоңыздық, жаппай тұтынушылық және тағы да басқа да либералдық құндылықтар ешқашан бірінші орынға қойылмаған. Қазақ мәдениеті — бұл биік мұраттар мен ұмтылыстардың, асқақ құндылықтардың мәдениеті. Өйткені, бірлік пен ынтымақтың, әсіресе жоғары рухани құндылықтар негізіндегі бірліктің маңызы өте зор. «Дәл осы бірлік халықтың мәдени болмысын, ұлттық болмыс-бітімін сақтауға көмектеседі. Ата-бабаларымыз да үнемі елді татулыққа, ауызбіршілікке шақырып отырған. Негізгі құндылық – байлыққа жету емес, ең бастысы – өзіңнің ерекше өмір салтыңды, ұлттық жолыңды сақтап қалу. Ал ол жол – бірлік жолы. Егер бірлік болмаса, этностық тұтастық әлсірейді, халық өзінің «менін», өзіндік ерекшелігін жоғалтады» [8, 257б].

#### Әдебиеттер тізімі

1. Урманбетова Ж.К. Философское обоснование современных тенденций развития человечества [Электронный ресурс] URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/filosofskoe-obosnovanie-sovremennyh-tendentsiy-razvitiya-chelovechestva>.
2. Ортега-и-Гассет Х. Что такое философия? //Сборник переводов АН СССР. – М., 1991. – С.17.
3. Ортега-и-Гассет Х. Тема нашего времени //Самосознание европейской культуры XX века. – М., 1991. – С.264.
4. Абишева А.К. Трансформация казахстанских ценностей в условиях глобализации [Электронный ресурс] URL: <https://farabi.university/storage/files/>.
5. Ловцова Д.П., Шолпанбаева Г.А. Культура казахского народа как фактор нравственного воспитания, Вестник КГПИ 2016 №2, с. 108.
6. Қартаева А., Ысқақұлы Д. Абайдың «Толық адам» тұжырымы. М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты. «Keruen» scientific journal №3, 80 vol, 2023.
7. Аль-Фараби. Социально-этические трактаты. – Алматы, 1973.
8. Абишев К.О специфике ценностно-мировоззренческих интенций кочевой цивилизации и положении их в культуре казахов в наше время // Власть как ценность и власть ценностей: метаморфозы свободы. – Алматы: 2007. – 470 с. С. 256-268.

УДК 17:37.02

#### КУРС ФИЛОСОФИИ ДЛЯ ПОДРОСТКОВ

Данько С.В.

кандидат философских наук, независимый исследователь, Израиль  
e-mail: [danko.sofia@gmail.com](mailto:danko.sofia@gmail.com)

В докладе пойдет речь об авторской разработке курса философской этики для подростков. Я поделюсь некоторыми идеями, связанными с этим курсом, и опытом работы, который удалось приобрести за последние годы, во многом благодаря замечательной школе «Ковчег без границ» под руководством Рустама Курбатова.